



# Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Тамыз 2022 жыл



# МАЗМҰНЫ

01

Іскерлік белсенділік индексі

02

ҚР сауда серіктес елдерінің PMI динамикасы

03

Бизнес-ахуал индексі

04

Іріктеме бойынша ақпарат

05


Әдіснамалық түсіндірме



**ІСКЕРЛІК  
БЕЛСЕНДІЛІК  
ИНДЕКСІ**

# ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

## ІБИ динамикасы




\* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.

2022 жылғы тамызда нақты сектордың 468 кәсіпорнына жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік біршама нашарлап, **47,8** құрады (шілдеде – 48,0).


Өндірісте индекстің азын-аулақ жақсаруы байқалады: индекс **48,7** белгісіне дейін көтерілді (шілдеде – 48,5). Кен өндіру өнеркәсібінде және құрылыста индекс тиісінше **44,9** және **45,7**-ге дейін төмендеді (шілдедегі 46,2 және 47,3-тен).

Қызмет көрсету секторында көрсеткіш өзгеріссіз қалып, **48,8** құрады.


## Өндіріс




## Қызмет көрсету



## Құрылыс



## Тау-кен өнеркәсібі




Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.


Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді

# АЙМАҚТАР БОЙЫНША ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

2022 жылғы тамыздағы аймақтар бойынша ІБИ







2022 жылғы шілде – тамыздағы ІБИ динамикасы



Өңірлер бойынша іскерлік белсенділік Қазақстанның **3** өңірінде өсу аясында тұр: Солтүстік Қазақстан (53,3), Маңғыстау (52,7) және Ақтөбе (52,4) облыстарында.

Қазақстанның **14** өңірінде іскерлік белсенділік төмендеу аясында: Түркістан (43,4), Қарағанды (43,4), Ақмола (43,6), Қостанай (43,6), Шығыс Қазақстан (44,9), Павлодар (45,9), Қызылорда (47,3) облыстарында, Нұр-сұлтан (47,3), Шымкент (48,0) және Алматы (48,4) қалаларында, Жамбыл (48,1), Атырау (49,4), Батыс Қазақстан (49,5) және Алматы (49,6) облыстарында.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ САУДА СЕРІКТЕС ЕЛДЕРІНІҢ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ РМІ ДИНАМИКАСЫ



01.09.2022ж. мәліметтер  
 Дереккөз: <https://tradingeconomics.com/>;  
<https://www.markiteconomics.com>




## БИЗНЕС- АХУАЛ ИНДЕКСІ

# Бизнес-цикл «сағаты»

## Бизнес-ахуалды бағалау

### Ағымдағы және болашақ бизнес жағдайды бағалау, ЖТ\*



\*Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Кәсіпорындар ұсынылған жауаптардың бірін таңдайды «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Үлестер салмақтанып есептелінеді.


Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

2022 жылғы тамызда **ағымдағы** бизнес-жағдай кәсіпорындарын бағалау шілдедегі (-)5,8-ден **(-)3,2**-ке дейін аздап жақсарғанына қарамастан, теріс болып қалды.

Алдағы 6 айға қатысты **болашақ** бизнес-жағдайды бағалау **17,4** (шілдеде – 16,8) құрап, біршама жақсарды.

Нәтижесінде бизнес-цикл "сағатының" индикаторы тамыз айында **көтерілу** аймағында қалды.

### Бизнес-цикл «сағаты»




IFO институтының бизнес-цикл «сағаты» экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады



# БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ (БАИ)


## Экономика бойынша БАИ




Ағымдағы және болашақ бизнес-жағдайлардың орташа бағасын білдіретін **бизнес-ахуал индексі** қызмет көрсету секторы мен құрылыс бойынша көрсеткіштің жақсаруы есебінен **6,8**-ге дейін көтерілді (шілдедегі 5,2-ден).

БАИ тек тау-кен өнеркәсібінде теріс мәнге ие болды **(-7,0)** (шілдеде - (-)5,3), құрылыста және қызмет көрсету секторында көрсеткіш тиісінше **14,2**-ге (шілдедегі 11,5-тен) және **8,8**-ге (шілдедегі 4,6-дан) дейін көтерілді. Өндірістік секторда индикатор **0,9** құрап, оң аймаққа өтті (шілдеде - (-)0,5).


### Өндіріс




### Құрылыс



### Қызмет көрсету



### Тау-кен өнеркәсібі



\*БАИ, Ifo институтының әдістемесіне сәйкес, жауаптар балансының орташа геометриялық мәні

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)

Ағымдағы экономикалық жағдай (АЖ)


Болашақ экономикалық жағдай (БЖ)

$$БАИ^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

ЖТ – жауаптар теңгерімі  
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай  
БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

# Бизнес жүргізуге ықпал ететін факторларды бағалау

Факторларды бағалау динамикасы, ЖТ\*





\*Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

2022 жылдың тамызында бизнес-жағдай факторларының бағалауы бойынша теріс жауаптар басым болды. Нәтижесінде барлық факторлар бойынша жауаптар теңгерімі теріс мәнге ие болды.

Теріс бағалардың басым болуына қарамастан, коммуникацияларға қолжетімділікті, салық жүктемесін және бизнесті қорғау мәселелерін бағалаудың жақсаруы байқалды: көрсеткіш тиісінше (-)3,3, (-)4,2 және (-)4,4-ке дейін көтерілді.

Секторлар тұрғысынан, респонденттердің пікірінше, тау-кен өнеркәсібінде сұраныс төмендеді, онда теріс жауаптар айтарлықтай басым. Қалған секторларда кәсіпорынның бағалауы бойынша жалпы сұраныс артты.


2022 жылғы тамызда факторлардың өзгерісін бағалау, жауаптар үлесі




\*Диаграммаларда бейтарап жауапты (өзгеріссіз) белгілеген кәсіпорындар үлесі көрсетілмеген

# ІРІКТЕМЕ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ


## 2022 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗДАҒЫ РЕСПОНДЕНТТЕР САНЫ - 468 КӘСІПОРЫН




## РЕСПОНДЕНТ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨЛШЕМДІК ҚҰРАМЫ



## РЕСПОНДЕНТТЕР САЛАЛАР БОЙЫНША



## СЕКТОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСТІК САЛМАҒЫ



Секторлардың үлестік салмағы ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесі арқылы анықталады, және бірлестірілген индексті есептеу үшін қолданылады



## Әдіснамалық түсіндірме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингiне қатысатын кәсiпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелерi бойынша дайындалған;
- ✓ Iскерлiк белсендiлiк индекciн есептеу үшiн диффузиялық индекc (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптар үлесiнiң жартысының қосындысы ретiнде есептеледi. Бұл индекc көрсеткiштiң өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған (болашақ жағдай мен факторлар бағасынан басқасы);
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту мен ЖIӨ-дегi салалық жалпы қосылған құн үлесiн қайта бағалау себебiнен индекстердiң мәнi өзгеруi мүмкiн.
- ✓ Бизнес - ахуал индекci мен бизнес-цикл «сағаты» Ifo институтының (Германия) әдiстемесiне сәйкес жасалған.
- ✓ 2022 жылғы сәуiрде тау-кен өнеркәсiбi бөлек шығарылғандықтан, декертер қатары қайта есептелдi.

Ақша-кредит саясаты департаментi  
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКI